

FTAMP 19.01.07

Ж.М. Дуйсебекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Сулейман Демирель университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

## ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ БОЛАШАҚ ТІЛШІ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ

**Аңдатпа.** Тілшілердің қолына «сөз» атты ұлы құрал берілгендіктен, оларды төртінші билікке теңестіреміз. Тілшілер – белгілі бір қоғамның ойын, өзіндік ұстанымын қалыптастыруға қауқары жететін мамандық иегерлері. Сондықтан да олардың сөйленген әрбір сөзі, жасаған әрбір сөзі жіті қадағаланып отыруы тиіс. Әсіресе, тілшілер айтатын ойын дұрыс әрі сауатты жеткізе білуге машықтануы керек. Ол үшін болашақ тілшілерді дайындап отырған әрбір жоғары оқу орны өзінің алдына білікті маман даярлап шығару міндетін қойғаны абзал.

Мақалада болашақ тілшілердің шешендік қабілетін дамытуға бағыттала отырып жүргізілген жаттығулардың нәтижелері берілген. Тәжірибе нәтижесі Сулейман Демирель Университетінің «Журналистика» мамандығының 2-курс студенттерінің негізінде алынды. Жүргізілген жаттығу жұмысы болашақ тілші тұлғасының қалыптасуына оң ықпалын тигізетіні анықталды.

**Кілт сөздер:** шешендік өнер, сөз мәдениеті, тілші тұлғасы, функционалдық стильдер.

\*\*\*

**Аннотация.** Не зря представителей журналистики называют «четвертой властью», так как у них на руках есть мощное оружие под названием «слово». Журналисты являются представителями той специальности, которые могут не только поменять взгляд общества, но и принципы в целом. Поэтому каждое высказанное ими слово, поступки должны быть четко отрегулированными. Особенно журналисты должны обращать внимание на то, как грамотно они доносят свою мысль. Для этого каждое высшее учебное заведение, которое готовят будущих журналистов, должны четко представлять себе план их подготовки.

В данной статье даны результаты упражнений, которые направлялись на развитие риторических способностей будущих журналистов. Эксперимент проходил за стенами Университета Сулеймана Демиреля по, во 2-курсе специальности «Журналистика». В ходе эксперимента было доказано положительное влияние данного упражнения.

**Ключевые слова:** риторика, культура речи, личность журналиста, функциональные стили.

\*\*\*

**Abstract.** It is not for nothing that representatives of journalism are called the “fourth estate”, since they have a powerful weapon in their hands called the “word”. Journalists are representatives of that specialty who can not only change the public opinion, but also the principles in general. Therefore, every word expressed by them, actions must be clearly regulated. Especially journalists should pay attention to how well they convey their thoughts. To do this, each institution of higher education prepared by future journalists must have a clear idea of their training plan.

This article presents the results of the exercises, which were aimed at developing the rhetorical abilities of future journalists. The experiment took place outside the walls of the Suleyman Demirel University, in 2-year specialty "Journalism". During the experiment, the positive effect of this exercise was proved.

**Key words:** rhetoric, speech culture, journalist personality, functional styles.

### *Kipicne*

Болашақ тілшінің кәсіби тұлғасын қалыптастыру – кез келген қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар мамандарын даярлайтын жоғары оқу орынынң басты міндеттерінің бірі болып саналады. Осы ретте әйгілі орыс ғалымы Е.В.Субботскийдің мынадай пікірін келтіруге болады: «Личность – это эквивалент понятия подленной нравственности, а понятие личностного действия – как эквивалент нравственного действия» [1,4]. Алайда адамның тілдік тұлғасы белгілі бір жағдаяттарға байланысты туындайтынын естен шығармауымыз керек. Дегенмен, С.Л.Рубинштейннің айтуы бойынша, қандай жағдаят болмасын, кез келген дискурста тұлғаның «түпкі МЕН-ін» көруге болады екен [2, 101].

Болашақ тілшінің тұлғасы тек өз мамандығына бағытталған пәндерді оқумен шектеле алмайды. Шешендік өнер де ғылым және пән ретінде тілшінің тілдік тұлғасының қалыптасуына үлкен рөл атқарады. Осы орайда, әйгілі философ М.Ф.Квинтилиан шешендік өнердің маңызы туралы былай деген екен: «Ежели во всю жизнь надлежит потеть только над тем, чтобы слова были точны, ясны, избраны, красиво расположены, то весь плод учения нашего для нас потерян» [3, 35]. Шешендік өнер ежелгі шешендердің ойынша, тек кәсіби мақсаттағы ғылым ғана емес, сондай-ақ тәрбиелік маңызы бар пән болып табылады. Мінсіз шешен ең бастысыадамгершілік қасиеттерге ие болуы керек деп есептеген.

Н.А. Ипполитованың басшылығымен жарық көрген «Педагогикалық риторика» еңбегінде мұғалімнің тілдік тұлғасының қалайша оқушыларға, олардың мінез-құлқына әсер ететіндігі туралы жазылған [4]. Осы секілді тілшілер де қоғамның ойына, пікірінң өзгеруіне тікелей әсер ете алады. Сондықтан олардың, әрине игі мақсатта,

шешендік өнерді игеруі өте маңызды болып табылады. Сондықтан болашақ тілшілерге шешендік өнерді дамытуға бағытталған пәндердің негізінде коммуникативтік-жағдаяттық тапсырмаларды орындауы, сөйлеудің түрлі жанрларында мәтін құрай білуі аса маңызды. Олар өз кезегінде болашақ тілшінің тілдік тұлғасының дұрыс қалыптасуына оң ықпалын тигізеді.

### *Зерттеу әдістері*

Аталмыш мақсатқа сәйкес, шешендік өнердің болашақ тілші тұлғасының қалыптасуына тигізер әсерін дәлелдеу үшін Сулейман Демирель Университетінің «Журналистика» мамандығының 2-курс студенттеріне «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің негізінде «Функционалды стильдердің бес түрі де көрініс тапқан, өзара байланысты, мағыналы мәтін құрау» тапсырмасы берілген болатын. Бұл тапсырма берілмес бұрын білім алушылардың тілдік тұлғасына бақылау, сауалнама әдістері арқылы зерттеу жүргізілген болатын.

### *Зерттеу нәтижесі*

Нәтижесінде тапсырма болашақ тілшілерге сөзге жақын қауым болғанымен, оңайға соға қойған жоқ. Алайда нәтижесінде өте тың, қызықты әрі мағыналы мәтіндер дүниеге келді. Солардың бірқатарларын келтіре кетсек:

«Көзбен көр де, ішпен біл...

«Махаббатпен жаратқан адамзатты...»

Осынау шексіз әлемде махаббат пен бақыт егіз ұғым сияқтанып көрінеді. Жалпы махаббат ұғымы сізді де, бізді де жиі толғандырады сөзсіз. Бар ма, әлде, жоқ па?

Қалам ұшынан бал тамызған ақын-жазушыларымыз екі сөзінің бірінде «махаббатты» жырға қосқан. Сол бір көзге көрінбейтін сезімді зерттеп қарасам, бәрі оңай. Махаббат – адам ағзасындағы: дофамин, серотонин, адреналин, эндорфин, вазопрессин гармондарының мидан бөлінуі арқылы жүзеге асатын қарапайым процесс. Сол «сегіз әріп, бір арманды» кез келген адам өз бақылауында ұстай алады. Әйгілі профессор Фишер өзінің ресми бағдарламасында: «Махаббат 17 айдан үш жылға дейін өмір сүреді» деп, баяндаған болатын. Рас. Себебі, әлгі гармондардың процесі белгілі бір жүйеге түседі. Одан кейін адамдар өздерін бақытсызбыз деп ойлап, махаббатқа деген сенімі мүлде жоғалады. Шындығында олай емес. Бұдан соң махаббаттың ең соңғы кезеңі – сыйластық пен нәзік қана бауырбасу басталады. Бұл адамдардың бір-біріне риясыз сенгенде пайда болатын «вазопрессин» процесі. Осылайша махаббатты кезең-кезеңімен бастан кешіреміз. Қанша ғұламалардың «махаббат» жайлы еңбектерін оқысам да, «махаббат жоқ» деген жазуды әлі көрмедім...

Қанша жерден, қандай мықты ғалымдар зерттеп, дәлелдеп тастаса да, бұл аса бір ерекше, албырт сезім. Махаббатың ғаламатын да, алапат

азабын да сезініп көргеннің өзі бақыт. Сол бір гармондар бөлінбесе, өмірдің қызығы не? Не десеңіз де, махаббатсыз дүние бос қой. Ең бастысы «сайқал сезімнің» соңына түсіп, нысабыңыз бен өзіңізді жоғалтып алмасаңыз болғаны.

(Алтын Сәрсенбаева)

### **Бақыт деген не?**

«Бақыт деген не?» деген сауалға жауап жазамын деп еденді мыжылған ақ қағаздарға толтырған бойжеткен бір күрсініп алып, орындықтың арқасына басын сүйеп отырып қалды. Ұзын саусақтарын әбден ауыртқан көгілдір қалам қолынан үстел бетіне сырғып түсті. - Дәл осы тапсырманың маған түскенін қарашы,- деп өзін бір аяп алды.

Ұялы телефонға көзі түскен ол құрылғыны қолына алып, әлеуметтік желілерді тексере бастады. Сұраққа жауапты ғаламтор аясынан іздеп көруді жөн санады.

«Бақыт — адамның өмір қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым». Уикипедия сайтының берген ақпараты оқушыны қанағаттандырмады. Өзге сайттардың түгел дерлігі дәл осы «анықтаманы» көшіріп, «ерекшелік» сөзін мүлдем ұмытып, өздерінің пайдасына қолдануды шешкен екен.

«Мүмкіндігі шектеулі жандардың да еңбекке араласып жатқанын көріп, жігерленбейтін жан болмас. Елімізде ештеңеге қарамастан кәсібін дөңгелетіп отырғандар жетерлік». Қыз газетте жазылған бұл сөйлемдерді оқып, ойланып қалды. Бақыт деген он екі мүшеңнің түгел, деніңнің сау болғаны емес пе?

- Мүмкін, жауап осы шығар...- деді де, парақ бетіне бұл нұсқаны жазып қойды.

Ғаламтор желісінде жарияланатын түрлі жаңалықтарды шолып шықты. Түрлі адамдардың бақыт жайлы түрлі көзқарастарын оқыды. Ақырында «бақыт» ұғымының нақты сипаттамасы жоқ екенін түсінді. Бұл талапкерді әбден шатастырды. Бірақ ол іздеуді тоқтатқан жоқ.

Осыған дейін кіріп, оқымаған сайттардың бірін ашуды жөн көрді. Таныс емес адамдардың суреттері бір қатарға тізіліп, есімдері астында жазулы екен.

«Мен, Ахметұлы Самат Нұрқожаев, 1983 жылы, 13 ақпанда Алматы обылысы, Панфилов ауданы, Үшарал ауылында тудым. Менің ұлтым - қазақ». Осы жолдарды оқып, мұның өмірбаян екенін түсінді. Көңілін толғандырған сұрақтың жауабын бұл жерден таба алмайтынын түсініп, телефонды үстел үстіне қойды.

Көзін жұмып, сан-саққа бөлінген ойын жинақтауға тырысты. Бір кезде маңдайына әлдебіреудің жылы алақандары келіп қонды. Басын жоғары көтеріп қараса, жұмыстан оралған анасы екен. Оның жүзіне үйірілген әдемі күлкісі қызға жаңа қуат бергендей болды. Шексіз әлемде қанша миллиард жан болса да, дәл осы күлкі ғана оған жаңа өмір сыйлайтындай.

Анасы маңдайынан сүйіп, қал-жағдайын сұрап жатқанда, оқушы ұзақ уақыт бойы іздеген жауабын тапқандай болды.

(Айдана Мустафина)

### Әр нәрсе уақытымен

Бар демін ішіне жинап, сәл-пәл күрсінген кейіппен табалдырықты аттады. Бұл қадам осымен 27-сі болар. Есікті ашып, әдемі, кең, жарық кабинетке кіріп еді, алдында егде тартқан, жүзін аздап әжім басқан орта бойлы ер кісі отыр екен. Асқарға қарайтын түрі жоқ. Қолынан қалта телефоны мен жұмыс телефоны түсер емес. Кезек-кезек тоқтамайтын қоңыраулар. Бір сәт телефон тұтқасы қойылған сәтте:

- Ассалаумағалейкум, аға, -деп тіл қатты Асқар.
- А? Ее, уағалейкум,- деп шала-пала амандық танытты.
- Менің есімім – Асқар. Жұмыс бойынша келіп тұр едім. Дипломмен.
- Диплом? Жақсы екен. Жұмысқа өтінішіңізді қалдырыңыз,- деп қалам ұсынды.

"Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, "Рахат" өндіріс компаниясына Жұбанов Асқардан өтініш." Өтінішті директордың қолына ұсынып, орнынан тұрды. Директор өтінішке көз салып: - Осындайда жазу стилі болады екен ғой,-деп мырс күлді. Иә, жазуы өзгелерге мүлдем ұқсамайды. Мүмкін, бұл екі қолмен де жаза алу қабілетінен болар? Басқаларға ұқсамайтын ерекшелік емес пе? Өзіме ұнайды деп жымыш отыра берді.

- Жақсы, сіздің өтінішіңіз қаралатын болады. Сіз сыртта мені күтіңіз. Менде жиналыс. Аяқталғаннан кейін сөйлесерміз, дәл қазір ештеңе айта алмаймын.

Асқар үшін бұл сөздерді есту – бақыт еді. Себебі, осыған дейін жұмыс іздеп келген жердің барлығы бұлай айтпақ түгілі, бетіне де қарамаған еді. Мақұл деумен сыртқа шықты.

Кабинет алдында отырғанына 3 сағаттан асты. Жан-жағындағы барлық жазуды, суреттерді 1040 рет қарап шықты. Бір қабырғада: "Шексіз әлемде де "Рахатпен" рахаттаныңыз" деген жазуды көрді. Шексіз әлемге рахатты алып кете алатындар бар ма деп басын шайқады. Бір қабырғада: ""Рахат" АҚ - сусамыр (диабет) ауруынан зардап шегетіндерге таптырмас өнім" деп жазыпты. Айта берсек, барлық мақтау мен мадақты айналаңа үйіп-төгіпті. Осылай әр қабырғаға көз салып отыр еді, қасына жап-жас қыз келіп: - Кешіріңіз, біреуді күтіп отырсыз ба? Бізде жұмыс уақыты аяқталды. Асқар не дерін білмей қалды. Күтіп отырған директорының қайтып кеткенін естігенде көңілі су сепкендей басылды. Бұл да өтірік болғаны ма деп ойлады. Басын салбыратып үйіне қайтты. Тағы да жұмыссыздық...

... Осылай дегбірі қашып жүрген күндерін бүгінде есіне алып, шүкір деп қояды. Қазір өзінің жеке компаниясы, зәулім үйі, 5 баласы бар.

Жарына жұмыс-үйдегі тірлік қана. Бақытқа қол жеткізді деген осы емес пе?

(Жадыра Жанарбек)

Мынау шексіз әлемнің зерттелмеген әлі талай кеңістігі бар. Адамдар бақытты болашақты іздеп ғарыштың түкпір-түкпірін зерттеп жатқан кезде, оларды Марстың немесе Юпитердің бір мектебінде зерттеу нысаны ретінде:

- Ал құрметті марсиандық бүлдіршіндер бұл Күн жүйесіндегі Күннен әрі қарай санағанда үшінші ғаламшар адамзаттың тіршілік ететін бесігі-Жер ғаламшары.

Жер эллипстік орбита бойымен 29,765 км/с жылдамдықпен 149,6 млн. км орташа қашықтықта 365,24 орташа күн тәулігі ішінде Күнді бір рет айналып шығады. Оның табиғи серігі - Ай. Ал мынау тіршілік иелері-адам — Жер бетіндегі ең жоғарғы даму сатысындағы тіршілік иесі, қоғамдық-тарихи әрекет пен мәдениетті жасаушы",-деп зертхана тышқаны секілді таныстырылуда.

- Әзірге бұлармен өзара келісімге келіп, бейбітшілік туралы келісімге келу мүмкін емес себебі, бұл тіршілік иелері табиғат заңдылықтарын өрескел бұзып, айналасындағы қоршаған ортаға аса ауыр зиянын тигізуде. Біздің ғалымдар адам санасының жетіліп, өзгеруіне әсер ететін зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Бірақ, әлі күнге дейін еңбектері айтарлықтай жетістікке жете қоймады",-деп адамдар маймыл мен басқа да жануараларды қалай бақыласа, олар да адамды тура солай зерттеуде.

Сонда бір оқушы қолын көтеріп:

-Ұстаз адамдар сондай жаман емес қой, қанша төмен сатыдағы приматтар болса да өзіндік жазылмаған заңдары мен ұстанымдары бар ғой, мысалы, мен бір кітаптан "Адамзаттың бәрін сүй жалғызым деп" деген өлең жолдарын оқып тәнті болған едім,-деді.

-Дұрыс айтасың, адамдардың арасында да біздің құпия елшілеріміз бар. Олар адамдарға мәдениет пен әдебиет, өнердің не екенін үйретіп, сан алуан тақырыпқа қалам тербеді. Соның арқасында адамдар жоғарыда аталған ұғымдармен танысты,-дей бергені сол еді, сабақ уақыты аяқталып оқушылардың голографиялық бейнелері жоқ болып кетті.

(Жанерке Халамхан)

Студенттер тапсырманы орындап, өткізу мерзімі аяқталған соң, өз әсерлерімен бөлісіп жатты. Біреулеріне функционалды стильдерді бір арнада тоғыстыру қиындық тудырса, біреуіне жазған мәтіндерін мағыналы ету күрделі болған. Бірақ жалпы алғанда, тапсырма барлығына ұнаған деп айтсақ болады. Білім алушылардың өз сөздеріне сүйенсек, «тапсырма қиял ұшқырлығын дамытуға, аялық білімді кеңейтуге, тілшіге аса қажет тапқырлықты дамытуға және ең бастысы тілдік тұлғаның дұрыс қалыптасуына ықпал еткен».

*Қорытынды*

Сөзімізді түйіндей келе, шешендік өнер ғылым және пән ретінде болашақ тілшінің тілдік тұлғасының қалыптасуына өте жақсы әсерін тигізеді. Коммуникативтік жағдаяттар мен шешендік дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығу жұмыстары студенттер тарапынан жиі орындалып тұрса екен деген игі тілектер де айтылды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Субботский Е.В. генезис личности: Теория и эксперимент. – М., 2010.
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: В 2 т. – М., 1989. – Т. II.
3. Квинтилиан М.Ф. Двенадцать книг риторических наставлений. Перевод члена Императорской Российской Академии А.Никольского. – СПб., 1834.
4. курцева З.И. Речевой поступок в педагогическом общении // Риторика: Учебник / Под ред. Н.А. Ипполитовой. – М., 2006. – с. 230-247.